




ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 2-БӨЛІМ

Халықаралық және аймақтық тауар
белгілерін тіркеу жүйесі





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 2-бөлім
Дәріс: Халықаралық және аймақтық тауар белгілерін тіркеу жүйесі
Дәріс авторы: Күлтай Адилова

Тауар белгілерін тіркеудің Мадридтік жүйесі

Халықаралық тауар белгілерін тіркеу жүйесі – 1891 жылғы тауар белгілерін халықаралық тіркеу жөніндегі Мадрид келісінде (Келісім) және оған 1989 жылғы Мадрид хаттамасында көзделген процедураларға негізделген (Хаттама).

Қазақстан Республикасы 1991 жылдан бері Мадрид келісімінің мүшесі. Ұлыбритания төменде қарастырылатын бірнеше себептерге байланысты Мадрид келісіміне кірмеді, алайда Мадрид хаттамасының мүшесі болып табылады. Халықаралық өтініш беру үшін, тауар белгісі, өтініш беруші мемлекеттің ұлттық патенттік ведомствосында тіркеу рәсімін өтуі керек. Бұл шарт халықаралық тіркеуге өтініш беруге қажетті негізгі талап болып табылады, сондықтан жүйе 100 жылдан астам жұмыс істеп тұрғанына қарамастан, осы халықаралық актіге тек аздаған елдер қосылды.

Халықаралық бюроның жұмыс тілдері ағылшын, француз және испан тілдері болып табылады, сондықтан халықаралық өтінім көрсетілген тілдердің бірінде жіберіледі және өтініш берушінің аты-жөні, мекен-жайы, ұлттық тіркеу туралы ақпарат, тауар белгісінің бейнесі және Ницца жіктемесіне сәйкес қорғау сұралатын тауарлар мен қызметтер көрсетілуі тиіс.

Қалыптасқан пікірге қарамастан, халықаралық өтініш бере отырып, өтініш беруші мадрид жүйесінің барлық қатысушыларына автоматты түрде өз әрекетін тарата алмайды, ол үшін өтініш беруші халықаралық өтініш беруден алдын тіркеуге қажетті елдердің тізімін анықтап алып, өтініш берген кезде оларды көрсетуі қажет. Мадридтік тіркеу жүйесін Келісімге қатысушы елде офисі немесе тұрақты жұмыс істейтін өзге де мекемесі бар тұлға немесе компания ғана пайдалана алады. Ұлыбритания Келісімінің мүшесі болмағандықтан, ағылшын компаниялары Англиядан тыс елдерде бизнес жүргізген жағдайда ғана жүйенің артықшылықтарын пайдалана алады. Ұлттық ведомство құжаттардың халықаралық өтініш беру талаптарына сәйкестігін (алымдар төлеу, елдерді көрсету) тексергеннен кейін өтініш Дүниежүзілік Зияткерлік Меншік Ұйымының Халықаралық бюросына жіберіледі. Бюро өз тарапынан келіп түскен өтініштің ресми талаптарға сәйкестігін тексеріп шығады, бірақ өтінішке мәні бойынша сараптама жүргізілмейді. Халықаралық бюроның өтінішті қабылдаған күні тауар белгісін халықаралық тіркеу күні деп есептеледі. Бұдан кейін Бюро өтінімді өтініш беруші анықтаған ұлттық патенттік ведомстволарға жібереді. Келісімнің 4-тармағына сәйкес тауар белгісі халықаралық тіркеуден өткен сәттен бастап қатысушы мемлекеттер өтінішті ұлттық патенттік ведомствоға тікелей берілген секілді қарастыруы қажет. Халықаралық өтінімді алғаннан кейін, ұлттық патенттік ведомство ұлттық заңнамамен бекітілген тіркеу талаптарын қанағаттандырмаса, тауар белгісін тіркеуден бас тартуға құқылы. Халықаралық тіркелу мерзімі – 20 жыл, шексіз рет келесі 20 жылға ұзартылу мүмкіндігі қарастырылған. Тауар белгілерін тіркеудің негізгі тіркеуден (өтініш беруші елдің ұлттық ведомствосында тіркеу) «тәуелділігі» деп аталатын бесжылдық мерзімі автордың пікірінше Мадрид келісімі бойынша тіркеу жүйесінің басты проблемасы болып табылады. Осы бесжылдық мерзім ішінде халықаралық өтінім «орталық шабуылға» ұшырауы мүмкін, яғни тауар белгісі жарамсыз деп танылған немесе өзгеше жолмен негізгі тіркеуден айырылған жағдайда, ұлттық тіркеуге негізделген барлық кейінгі ұлттық тіркеулер жокқа шығарылады. Бес жыл мерзімнен кейін орталық шабуыл мүмкіндігі тоқтатылады, ал кейіннен басқа елдердегі ұлттық тіркелімдер тәуелсіздікке ие болады.

Мадрид келісімінің ережелерін орындау кезінде анықталған кемшіліктер Мадрид хаттамасында ескерілген. Ұлыбритания дәл осы құжатқа 1995 жылы қосылса, ал Қазақстан 2010 жылы ғана хаттамаға қатысушы болды. Мадрид хаттамасының процедурасына сәйкес, өтінім беру үшін ұлттық негіз ретінде тауар белгісін ұлттық тіркеу, сондай ақ шешімі әлі қабылданбаған қарапайым өтініш те ұлттық негіз бола алады – бұл Мадрид келісімінің тіркеу жүйесімен негізгі айырмашылықтардың бірі.

Өтініш негізгі өтінім берілген елдің ұлттық ведомствосына да ұсынылады, яғни өтініш беруші халықаралық тіркеуді алуға тілек білдіре отырып, өзінің патенттік ведомствосына өтініш береді. Қолданылатын тілдер Келісім бойынша өтініштегімен бірдей – ағылшын, француз және испан тілдері. Өтінімде кеңейту күтілетін елдер көрсетілуі тиіс, ал қосымша кеңейту, кейбір елдерге өтінім беру кезінде көрсетілмеген жағдайда рұқсат етіледі. Өтінімде кеңейту күтілетін елдер көрсетілуі тиіс, ал кейбір елдер өтінім беру кезінде көрсетілмеген жағдайда да қосымша кеңейтуге рұқсат етіледі. Өтінішті тексерудің формалды рәсімдерінен кейін Халықаралық бюро өтінімді тіркейді және оны Халықаралық тауар белгілері жөніндегі тізілімге жариялайды, содан кейін өтініш беруші көрсеткен елдердің ведомствосына өтінімді жібереді. Осылайша, бұдан кейінгі тіркеу рәсімі Мадрид келісімі бойынша рәсімге ұқсас. Әдетте, өтініш беруші көрсеткен елдер ұсынылған өтінім бойынша шешім қабылдау үшін 12 ай мерзімге ие, содан кейін



олар тауар белгісін тіркейді немесе оны тіркеуден бас тарта алады.

Көптеген өзге елдерден айырмашылығы – Ұлыбритания өтініш бойынша шешім қабылдау үшін 18 айлық мерзімді көрсетті, өйткені бұл өтінім қарсылықтар кезеңінен өту қажеттілігі көзделген қосымша ұлттық рәсімге байланысты. 18 айдан соң тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылданатын болса, Англияның ұлттық ведомствосы ол жайында Дүниежүзілік Зияткерлік Меншік Ұйымына хабарлайды, бұдан соң өтінім берушіге қабылданған шешімге шағымдану мүмкіндігі беріледі. Егер бас тарту Халықаралық бюроға жіберілмесе, тауар белгісі тіркелген деп есептеледі.

Хаттамаға сәйкес тауар белгісін тіркеу мерзімі 10 жыл, тіркеу мерзімі 20 жылды құрайтын Келісімнен ерекшелігі, кейіннен шексіз рет 10 жылға ұзартылу мүмкіндігі берілген. Кейінірек халықаралыққа айналған ұлттық немесе аймақтық өтінім ұлттық өтінімнің орнын басатынан атап өту керек.

Естеріңізде болса, Мадрид келісімі бойынша орталық шабуыл қағидасына сәйкес сауда белгісін халықаралық тіркеу негізгі тіркеудің тағдырына байланысты болады, яғни, егер негізгі тіркеу қандай да бір жолмен жойылса, өтініш беруші көрсеткен юрисдикциялардағы барлық тіркемелер автоматты түрде жойылады.

Орталық шабуыл қағидасы Мадрид хаттамасына сәйкес тіркеу жүйесіне де қолданылады, алайда оның әрекетінің ерекшелігі, орталық шабуыл болған жағдайда, өтінім беруші халықаралық тіркеуді бірнеше ұлттық немесе аймақтық өтінімдерге айналдыруға мүмкіндігі болады.

Осы ережеге сәйкес егер негізгі тіркеуден бас тартқан күннен бастап 3 ай ішінде өтініш беруші бұрынғы көрсетілген елдердің кез-келген патенттік ведомствосына сол белгіні тіркеуге өтінім берсе, мұндай өтініш халықаралық тіркеу күні берілген өтінім ретінде қарастырылады.

Осылайша, тауар белгілерін тіркеудің халықаралық жүйесін пайдаланудың келесі артықшылықтарын атап көрсетуге болады:

- құралдарды үнемдеу – егер өтінім берушіге бірнеше елде тауар белгісін тіркеуге тура келсе, онда экономика тұрғысынан алғанда, әрбір елге жеке өтінімдер беруге қарағанда, халықаралық өтінімді бергені тиімді болады. Сондай-ақ, халықаралық өтінім беру, басқа мемлекетте өтінім беру үшін тартылатын патенттік сенім білдірілген адамдарға төленетін шығындарды үнемдеуге мүмкіндік береді;
- шетелдік патенттік ведомстволардың өтінімдерін толтыруға қарағанда халықаралық өтінімді толтырудың қарапайымдылығы, сондай-ақ қорғау сұралатын әрбір елдің нақты тілінде өтініш беру міндеттемесінің болмауы;
- әрбір ведомствоға жеке-жеке өтініш емес, бәріне бір өтініш бере отырып қолданыстағы тіркеуді жүргізудің оңайлатылған процедурасы;

Еуразиялық Экономикалық Одақ жүйесінде тіркеу

Зияткерлік меншік объектілерін қорғау туралы хаттаманың 15 және 23-тармақтарын іске асыру мақсатында (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 26-қосымша), Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және Еуразиялық экономикалық одақ тауарларының шығу тегінің атаулары туралы Шарт жобасы дайындалған. Еуразиялық Экономикалық Одақ жүйесі бойынша тіркелген тауар белгісі Одақтың тауар белгісі деп аталады.

Одақтың тауар белгісіне айрықша құқығы 10 жыл бойы қолданылады, одан кейін шексіз рет 10 жылға ұзартыла алады. Тауар белгісіне арналған өтінім мыналарды қамтуы тиіс:

- өтініш берушінің аты-жөні және мекен-жайы, сондай-ақ өтініш берілген ведомство орналасқан мемлекеттің аумағында хат-хабар алмасу үшін мекен-жайы;
- өтініш берілген белгі;
- тауарлар мен қызметтердің халықаралық тауарлар мен қызметтер классификациясына сәйкес тауарлардың және қызметтердің тізбесі;

Жұмыс тілі – орыс тілі. Өтініш беруші 1 ай ішінде ұсынылған құжаттардың дұрыстығын және алым төленгенін, оның ішінде тауарлар тізімінің дұрыстығы мен олардың жіктелуін тексереді. Егер өтінім ресми талаптарға сәйкес келмесе, өтініш берушіге сұрау салынған күннен бастап үш ай ішінде кемшіліктерді жою туралы сұраныс жіберіледі.

Егер өтінім Одақтың тауар таңбасына өтінім берудің формалды талаптарына сәйкес келсе, өтінім берілген ведомство өзінің ресми сайтында өтінімді жариялау туралы шешім қабылдайды және осындай шешім қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде өтініш берушіге өтінім беру күнін (басымдықты



күн) белгілеу туралы хабардар етеді, сондай-ақ басқа да мүше мемлекеттердің ұлттық патенттік ведомстволарына мәні бойынша сараптама өткізу үшін алымдар мөлшерін көрсете отырып құжат беру туралы сұраныс жолдайды.

Содан кейін

5 жұмыс күні ішінде өтініш берілген ведомство өтініш берушіге төлемді төлеу туралы хабарлама жібереді, өтініш беруші 1 ай ішінде төлемді төлегендігін растауы тиіс. Өтініш жарияланған күннен бастап 3 ай ішінде өтінім берумен байланысты құқықтары бұзылған кез келген мүдделі тұлға өтініш берушінің өтінімінің тіркеу талаптарына сәйкессіздігі туралы ведомствоға жүгіне алады. Өтініш беруші 3 ай ішінде бұл сұранысқа өзінің дәлелдерін жіберуге құқылы.

Сараптама негізінен 6 ай ішінде жүргізіледі, осы кезеңде ведомство өтінім берген ведомствоға сараптаманың нәтижелері жайлы хабарлауға, яғни егер қарама-қарсы дәлелдері анықталған болса, соларды қосымша тіркей отырып, жүргізілген тексерулер мен ізденістердің нәтижесін хабарлауға міндетті. Одақтың тауар белгісін тіркеуден бас тартуы үшін негіздердің жоқтығы туралы мәлімет болмаған жағдайда, ведомство бұдан кейін бұл құқықты жоғалтады.

Әртүрлі өтініш берушілер біртектес тауарларға қатысты бірдей немесе аралас ұқсас тауар белгілеріне бірнеше өтінім беруі мүмкін, мұндай жағдайда тауар белгісі өтінім берушілердің арасындағы келісім бойынша анықталып, олардың біріне ғана тіркелуі мүмкін.

Ұлттық патенттік ведомстволардың қорытындылары негізінде, соның ішінде ведомствоның өз қорытындылары бойынша, өтініш берілген ведомство өтініш берушіге сараптама нәтижелері туралы хабарлама жібереді.

Мұндай хабарлама, егер тауар белгісі қорғауға алынбайтын болса немесе аз көлемде қорғалатын жағдайда, жіберіледі.

Өтініш беруші осы хабарлама жолданған күннен бастап 3 ай ішінде өзінің құқығын қорғау үшін дәлелдерін келтіре отырып жауап беруі тиіс. Өтініш берушінің дәлелдерін қарастыра отырып, ұлттық патенттік ведомстволар өтініш берілген ведомствоға өз шешімдерін жолдайды.

Өтініш беруші, ұлттық патенттік ведомстволардың теріс шешімін алған жағдайда, Мадрид жүйесіне ұқсас тәртіппен, басымдық күнді сақтай отырып, өтінішті ұлттық өтініш ретінде қайта рәсімдеуге құқылы екендігін атап өткен жөн.

Өтініш берілген ведомство қабылдаған шешімдер

Өтініш берілген ведомствоның шешім қабылдау принципі өте қарапайым – барлық елдер сауда белгісін тіркеу туралы бірауыздан келісімге келгенде ғана шешім оң болуы мүмкін:

- барлық жарияланған тауарларға қатысты тауар белгілерін тіркеу туралы шешім. Мұндай шешім егер тауар белгісін қорғауға алу мүмкіндігі туралы тұжырым барлық қорытындыларда болған жағдайда жасалады;
- жарияланған тауарлардың бір бөлігіне қатысты тауар белгісін тіркеу туралы шешім. Мұндай шешім, кем дегенде, қорытындылардың бірінде тауар белгісінің бір бөлігіне қатысты қорғау мүмкін еместігі туралы тұжырым болған жағдайда қабылданады;

Тауар белгісін тіркеу үшін алымдар төленген және куәлік берілгеннен соң, тауар белгісі Одақтың тауар белгілерінің бірыңғай тізіліміне енгізіледі.